



АЛАТАУ Ардагері

alm_obl_ardager@mail.ru

Алматы облыстық қоғамдық-саяси газеті

№3 (117) 16 қаңтар 2026 жыл

ЖЫЛ ҚОРЫТЫНДЫСЫ

АРДАГЕРЛЕРДІ АРДАҚТАУ - ҰРПАҚҚА САБАҚ, БОЛАШАҚҚА СЕНІМ

Өткен 2025 жыл елеулі өзгерістерге толы кезең ретінде елдің есінде қалды. Облыс ардагерлері бұл жылды тұрақтылықтың кезеңі ретінде бағалады. Осы орайда біз Алматы облыстық Ардагерлер кеңесінің төрағасы Ерболат ТҰРЫМБЕТОВПЕН жолығып, жыл ішінде атқарылған іс-шаралар төңірегінде ой бөліскен едік.

- Ерболат Сапарұлы өткен жылдың жылнамасына көз тіксек, ең алдымен халқымыздың рухын жаңғыртып, елдік тарихымыздың мәңгілік парағына алтын әріппен жазылған Ұлы Жеңістің 80 жылдығы бірден еске түседі. Сіздердің тараптарыңыздан өткізілген мәдени іс-шаралар да аз болмады.

-Дұрыс айтасыз. Ұлы Жеңістің 80 жылдығы - тек естелік емес, тарихпен тілдесу, бейбіт өмірдің бағасын ұғатын, өткенге тағзым ететін, болашаққа жауапкершілікпен қарайтын күн болғандықтан наурыз айында Жеңістің 80 жылдығына дайындалу және оны мерекелеу жөніндегі «Ұлы Жеңіс: Ерлікке тағзым, ұрпаққа үлгі» атты кеңейтілген төралқа отырысын өткіздік. Бұл жиынға Алматы мәслихатының хатшысы Қуат Байғоджаев, облыстық ішкі саясат басқармасының басшысы Ерік Абитов, облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы Айгүл Ахметова, ардагерлер кеңесінің төралқа мүшелері мен аудан, қала ардагерлері кеңесінің төрағалары, «Асыл ана» қоғамдық бірлестігінің төрайымдары, «Алатау жастары» жастар ұйымдарының жетекшілері, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысты. Осы басқосуда алдағы өтетін іс-шаралар тиянақты пысықталып, бағдарлама жобалары жасалып, арнайы қаулы қабылдадық.

9 мамырда Қонаев қаласындағы Ардагерлер саябағына орнатылған «Даңқ» мемориалы жанында облыстың тыл және еңбек ардагерлері де бас қосып, майдан даласында шейіт болып, Отан үшін жанын пида еткен боздақтарды еске алып, тағзым жасады. Көпшілікпен бірге Жеңіс күнін Алматы облысынан 5 майдангер қарсы алды. Олар - Оксана Бетебаева, Федор Ковалев, Солтанбай Жарықбасов, Тәңірберген Толғанбаев, Алым Кибиров. Оның ішінде Солтанбай Жарықбасов пен Алым Кибиров салтанатты жиынға қатысып, облыс әкімі Марат Сұлтанғазиевтің қолынан пәтер кілттерін алды.

Ұлы Отан соғысына қатысушылардың есімдерімен байланысты жерлерге аудандық және қалалық ардагерлер ұйымдарының, «Асыл ана» қоғамдық бірлестігінің, «Алатау



жастары» жастар ұйымдарының төрағалары арнайы шақырылып, Алматы қаласындағы 28 гвардияшы-панфиловшылар паркіне саяхат ұйымдастырылды. Ардагерлер «Мәңгілік алау» мен «Даңқ мемориалына» гүл шоқтарын қойды. Сонымен қатар, әскери техникалық мұражай көрмесін тамашалады.

Алматы облысы әкімдігі мен облыстық мәслихаттың 2025 жылы 21 қазандағы қаулысына орай, қала мен аудан ауылдарының көшелеріне соғыс ардагерлерінің есімдері берілді.

- Жеңіс күні - аға буынның Отанға деген шексіз сүйіспеншілігінің, жастарды ерлік пен патриотизм рухында тәрбиелеудің өлшеусіз өнегесі. Бұл орайда өздеріңіз ұйымдастырған мәдени іс-шаралардың ішінде қайсысына ерекше тоқталар едіңіз?

- Іле ауданының Байкент ауылындағы мәдениет үйінде «Отты жылдар жырлары», «Песни огненных лет» атты хор байқауы болып өтті. Бұл байқау облыс ардагерлері арасында бірінші рет ұйымдастырылып отырғандықтан «Жеке ән орындаушы», «Топтық орындау хор» жанрын бекіттік. Шығармашылық байқауға Жамбыл, Қарасай, Іле, Райымбек, Ұйғыр, Талғар, Еңбекшіқазақ, Кеген, Балқаш аудандары мен Қонаев пен Алатау қалаларының ардагерлер ұйымдары қатысты.

Байқауды өткізудегі мақсат еңбек ардагерлерінің хор ұжымдарының өнерін насихаттау, өскелең ұрпақты патриоттық рухта тәрбиелеу, халық шығармашылығын жетілдіру болып табылды. Байқау барысында әр ауданның үздік әншілері мен хор ұжымдары өз өнерлерін көрсетті. Байқаудың қорытындысында шырқалған әрбір ән ерлік оқиғаларға толы тарихымыздың, бай мәдениетіміздің көрінісін тағы бір мәрте айшықтады. Бейбітшілік пен келісімде өмір сүрудің қаншалықты маңызды екенін, туған жерді бағалап, қорғаудың қаншалықты қымбат екенін тағы бір мәрте барлығымыздың есімізге салды.

- Сондай-ақ Жеңістің 80 жылдығына арналған халықаралық «Ұлы дала жорығы» марафон-бәйгесінің жолы да, жөні де бөлек болды ғой.

- «Ұлы дала жорығы» - бұл жай ғана бәйге емес, ата-бабалар жүріп өткен жолмен қайта сапар шеккен тарихи экспедиция десек те болады. Бұл - көшпелі өркениеттің рухын сезіну, уақыттар арасындағы байланысты нығайту және ұлттық мұраны келер ұрпаққа аманаттау. Батыр бабаларымыздың ізмен, ел мен жердің тарихын сезініп, ұлттық болмысымызды жаңғыртатын қасиетті сапар болды. Жарысқа қатысқан жастар төзімділік пен табандылықты, рух пен жүректің сынға түсетін кезеңін сезіне білді деп ойлаймын.

- Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің қолдауымен бастау алған «Ардагер өсиеті» республикалық жастар марафоны облыс орталығы Қонаев қаласына келгенде қандай мақсатты көзделді?

- Марафонның басты мақсаты ел қорғаған ерлердің ерлігін есте қалдырып жас ұрпаққа үлгі ету, ұлттық құндылықтарға баулу, дәстүрлі өнерге деген құрметті арттыру, ұрпақтар сабақтастығын нығайтып, жас буынды тарихи жадыны сақтау мен ел бірлігін нығайтуға бағытталды. Марафонның басты символына айналған «Ардагер өсиеті» хатындағы сөздер бір ғана ұрпаққа емес, тұтас ұлтқа арналды. Өткен ғасырдың қиын-қыстау кезеңдеріндегі халықтың қажыры, төзімі мен жеңіске деген сенімі толықтай осы хатта көрініс тапты.

Тарихи құжаттар-ұлттың рухани қазынасы. Ол бізге тек өткенді еске түсіріп қана қоймай, болашақты бағдарлауға да жол ашады. Өсиет хат - ата-баба аманатының тұжырымдамасы. Оның әр жолында парасат, сабыр, елге деген махаббат пен жауапкершілік жатыр.

(Жалғасы 2-бетте)

ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ КЕШ

ӨТКЕНГЕ ТАҒЗЫМ, БҮГІНГЕ БАҒА



Өнер-адам тағдырымен біте қайнасқан киелі ұғым. Осындай өнерді өмірінің мәніне айналдырып, жарты ғасыр бойы ауыл мәдениетіне адал қызмет етіп келе жатқан жандардың бірі - Іле ауданының Құрметті азаматы, мәдениет саласының ардагері, «Еңбек үздігі» Гүлнар Бағатқызы Ахметбаеваның 70 жылдық мерейтойы мен жарты ғасырлық шығармашылық кеші адам жанына жылылық сыйлайтын мазмұнды, мағыналы, тағылымды жағдайда өтті.

Мейрамхана ішінің заманауи талаптарға сай безендірілуі, экраннан Гүлнар Ахметбаеваның өнер жолынан көріністердің берілуі кештің сәні мен салтанатын арттыра түсті. Әнші, актриса, режиссер ретіндегі Гүлнар Бағатқызының жарты ғасырлық шығармашылық жолы табандылықтың, таланттың және туған елге деген шексіз сүйіспеншіліктің айқын көрінісі іспеттес.

Шығармашылық кеш – бұл тек мерекелік шара ғана емес, өнер иесінің 50 жылдық тынымсыз еңбегінің есебі мен қорытындысы, ел мен жұртшылық алдындағы рухани есеп беруі. Гүлнар Ахметбаеваның осы жарты ғасырлық жолда шырқалған әрбір әні, атқарылған әрбір рөлі, сахналанған қойылымы –халықтың жүрегіне жол тапқан еңбек нәтижесі. Шығармашылық кеші арқылы Гүлнар Ахметбаева өз өнерінің қайнарын, өмірлік ұстанымын, алған асуы мен артта қалған белестерін саралап, көрерменге адал қызмет еткенін тағы бір рет айқын дәлелдеді.

50 жылдық шығармашылық кешінде Гүлнар Ахметбаева халықтық «Сарытауқұм» ән-би ансамблінің сүйемелдеуінде жанды дауыспен «Ақмаңдайлым», «Бұлбұл», «Гәкку» әндерін және қызы Қарлығаш Ұланқызымен бірігіп «Кел еркем, Алатауыма», «Айқарақөз» әндерін шырқады. Сонымен қатар қазақ эстрадасының жұлдыздары Тұрғынәлі Дәуіт, Сая Махамбет, халықаралық дәрежедегі әншілер Ақылбек Жаңабай, Уатқан Заханқызы, Ақши халық театрының актерлары өнер көрсетіп, жиналаған жұртшылыққа тамаша көңіл –күй мен қуаныш сыйлады.

Осы кеште Гүлнар Бағатқызы Ахметбаеваға салтанатты түрде Алматы облысының «Құрметті ардагері» төсбелгісі табыс етілді.

50 жыл – бір адамның ғана емес, тұтас бір ауылдың, бір өңірдің мәдени тарихы десек, бұл жерде осы кешті жоғары дәрежеде ұйымдастыра білген Гүлнар Ахметбаеваның қызы, Қазақстан Республикасы «Мәдениет саласының үздігі» Қарлығаш Ұланқызының орасан зор еңбегін атап өткен жөн. Иә, мұндай кеш ел сенімін ақтаған еңбегінің жемісі, халықтың ықыласы мен құрметіне берілген жауап іспеттес. Өнер жолындағы адалдық пен табандылықтың, рухани жауапкершіліктің айқын көрінісі де осы. Бұл кеш – өткенге тағзым, бүгінге баға, келешекке аманат! Гүлнар Ахметбаеваның шығармашылық жолы 1- кейінгі ұрпаққа үлгі, өнерге деген шынайы махаббаттың жарқын көрінісі.

Роза МАРАТҚЫЗЫ.

Гүлнар Ахметбаева жайлы
3-беттен оқыңыздар

ПІКІР

ЖАСТАР ТӘРБИЕСІНДЕГІ АДАЛДЫҚ – БАСТЫ ҚҰНДЫЛЫҚ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Turkistan» газетінің тілшісіне берген «Қазақстан жаңғырудың жаңа кезеңіне қадам басты» атты сұхбатында ел өміріне қатысты көптеген маңызды мәселелер көтерілді. Соның ішінде жастардың жағдайы және алдағы жылдардағы ел дамуы туралы нақты ой айтылды.

Мемлекет басшысы адалдық пен әділдік қағидаттарын жастардың санасына ерте жастан сіңірудің маңызын атап өтті. Президенттің айтуынша, жемқорлықтан аулақ болу – тек заң талаптары емес, әр азаматтың ішкі мәдениеті мен жауапкершілігінің көрінісі. Бүгінгі таңда жемқорлық мәселесі-тек Қазақстанда ғана емес, әлемнің басқа елдері үшін аса өзекті мәселе. Қай мемлекетте болса да ең қауіпті құбылыс – жемқорлықтың жайылып, парақорлықтың дендеуі. Осы орайда жастарға дұрыс бағыт-бағдар беру, олардың құлағына адал еңбектің, таза жолмен жеткен жетістіктің құндылығын ұдайы құя беру аса маңызды. Бұл жерде білім беру мекемелері, қоғамдық ұйымдар, әсіресе ата-аналар шешуші рөл атқаруға тиіс. Сол кезде елімізде жемқорлыққа мүлдем төзбеу мәдениеті қалыптасады» - деп түйіндеді

Президент. Сұхбат барысында Мемлекет басшысы білім беру мекемелері мен бұқаралық ақпарат құралдарының бұл бағыттағы рөліне де тоқталып, жас ұрпақты отансүйгіштікке, адалдыққа тәрбиелеу – қоғамның ортақ міндеті екенін атап өтті. Жастар ауырдың үстімен, жеңілдің астымен жүрмей, ерінбей еңбек етіп, өзін темірдей тәртіпке тәрбиелей білгені жөн екенін баса айтты. Жастардың бос қиялға берілмей, өмірге тіке қарап, еңбек етіп, тәртіпке үйренуі тиіс екені айтылды.

Сонымен қатар, бүгінгі жастардың ел болашағына бейжай қарамайтынын, Қазақстанның дамығанын қалайтынын, сондықтан олардың пікірін тыңдап, ойымен санасу қажет. «Болашақ» бағдарламасымен мыңдаған жас шетелде білім алуда. Олар Қазақстанға келген соң ел дамуына үлес қосуда. «Президенттік жастар кадр

резерві» сұранысқа ие жобаға айналды. Келешекте мемлекетті басқарушылардың негізгі легі осы жас мамандардан қалыптасады. Саяси реформалар аясында Мәжіліс пен мәслихаттарда жастар үшін арнайы квота енгізілді. Бұл өкілдік билік қызметіне тың серпін берді. Жас кәсіпкерлер мен отбасыларды қолдауға айрықша мән берілуде. Мысалы, бизнесті дамытуға және баспана алуға жеңілдікпен несие беру қарастырылып отыр. Бұл жастардың өмірден өз орнын табуына жағдай жасауға бағытталған бағдарламалар мен жобалардың бір парасы ғана, – деді Президент. Мемлекет басшысының бұл пікірі қазіргі буынға сенім артумен қатар, олардың мойнына жүктелетін жауапкершіліктің де салмағы зор екенін аңғартады.

Еліміздің ертеңі, мемлекетіміздің жарқын болашағы, білімді де білгір жастардың

қолында. Қай заманда болмасын қоғамның қозғаушы күші – жастар бүгінде озық идеяларымен қаруланып, еліміздің дамып, өркендеуіне барынша үлес қосып келеді. Жастар қауымы уақыттың кез келген сынағына дайын болып, бәсекеге төтеп беруі керек. Санасы сергек, замандық технологияларды меңгерген Отанымыздың нағыз патриоттары ғана осындай сынақтардан сүрінбей өте алмақ. Мемлекет тарапынан жасалынып жатқан бар мүмкіндіктерді тиімді пайдалануға әрбір жастың өз ұмтылысы болуы тиіс. Ең әуелі жастар бойында рухани-адамгершілік, саяси интелект, құқықтық тәрбие басым болған жөн. Жастар жас шыбық сияқты, қалай исен, солай иілуге әзір. Сол себепті жастардың ойын да, бойын да түзу өсіру-халықтың басты парызы. Жастар – жердің, елдің иесі, қазақ елінің рухани тәуелсіздігінің биік тұғыры.

Анаргүл РАХИМОВА,
Талғар агробизнес және менеджмент колледжінің кітапханашысы.

АРДАГЕРЛЕРДІ АРДАҚТАУ - ҰРПАҚҚА САБАҚ, БОЛАШАҚҚА СЕНІМ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Онда соғыс жылдарының зобалаңы, тылдағы жанқиярлық еңбек, бейбіт өмірдің қадірі мен жастарға айтылар аманаттар қамтылған. Жастардың бұл хатты көзбен көріп, жүреппен сезінуі өткенге деген құрметтің ерекше көрінісі болумен қатар, тарихты оқулықтан емес, тірі куәгерлер мен олардың қалдырған аманаты арқылы ұғынуға мүмкіндік беретін бірегей формат екендігіне көз жеткізді.

Марафон барысында ардагерлермен жүздескен жастар олардың өмірлік тәжірибесімен бөлісіп, ұлттық сана мен тарихи жадыны жаңғыртатын рухани диалог екендігін ұғынды. Ұлт болашағы өткенін білетін ардагерлердің аманатына адал болатын жастардың қолында екені тағы бір мәрте еске салды.

- Алматы облысы әкімдігінде сіздер ұйымдастырып өткізген «Жастар тәрбиесі-атамзаттың мәңгілік тақырыбы» атты кездесу қорытындысында не белгіленді?

- Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Адал адам - Адал еңбек - Адал табыс» идеясын жүзеге асырудың жолдарын Алматы облыстық ардагерлер ұйымы күн тәртібінен түсірген емес. Ұрпақтар сабақтастығы арқылы ғана біз қоғамда еңбек мәдениетін қалыптастырып, Отанға деген шынайы сүйіспеншілікті тәрбиелей аламыз. Ардагерлер мен жастар арасындағы бұндай диалог осы сабақтастың көрінісі деп білемін. Аталған бағытта жастармен идеологиялық және тәрбие жұмыстары жүргізіп, адал еңбек, отаншылдық, әлеуметтік жауапкершілік, патриотизмге бағытталған кешенді шараларды жоспарлы түрде іске асыру алда атқаратын іс-шараларымыздың басты міндетіне айналып отыр.

Облыс бойынша жастарға әскери-патриоттық және отансүйіштік тәрбие беру бағытында түрлі ауқымды шаралар ұйымдастырылды. Солардың қатарында «Жастар саясатын насихаттау және деструктивті діни ағымдардың алдын алу», «Оқушылар мен жастар арасында нашакорлықтың, зиянды әдеттердің, қылмыстың алдын алуға бағытталған іс-шараларды ұйымдастыру», «Елдің болашағы-жастар» жобалары қарастырылды.

Бүгінде жастарға ең қажетті нәрсе-ол ұлттық тәрбие. Тәрбиеге жеткілікті көңіл бөлмеушілік қоғам тарапынан жастар тәрбиесіне салғырт қарау, кейбір шектен шыққан әдепсіздік пен арсыздықтың көрініс беруіне алып келіп отыр. Патриоттық тәрбие беру жұмыстарында жастар арасында идеологиялық, рухани-тәрбиелік жұмыстар ұлттық мүддеге сай тиімді жүргізуді қажет етеді. Осы орайда жастар мен халық арасында Ата Заңның ел дамуындағы орны мен құндылығын насихаттауға бағытталған жұмыстарды өрістету бағыттары айқындалды.

- Қазіргі кезде еліміздің дамуы мен өркендеуі жас ұрпақтың біліміне, тәрбиесіне, азаматтық ұстанымына, отаншылдығына байланысты екендігін жақсы білеміз. Осы орайда облыстық ардагерлер кеңесінің жанынан құрылған «Алатау жастары» жастар ұйымы қандай мақсатты алдына қойып отыр?

- Бұл-ұрпақтар үндестігінен туған ұйым. 2023 жылы бір топ жастар бастама көтеріп, облыстық ардагерлер ұйымы жанынан ұйым құру жөнінде ұсыныстарын білдірді.«Жастарға жол беру-тарихты тірілту, болашақты бекітуде» деп батамызды беріп, «Алатау жастары» қоғамдық бірлестігіне ақжол тіледік. Сөйтіп, ол ардагерлер мен жас буын арасындағы алтын көпірге, кездесулер мен қозғалыстардың, тәжірибе алмасудың алаңына айналды. Ол ардагерлермен кездесулер, әскери бөлімдердегі жүздесулер, пікірталас клубтар, республикалық деңгейдегі кәсіпкерлер мен спортшылардың шеберлік сабақтарына ұласты. Жаиқағала келе мұның бәрі жастар үшін үлкен серпіліске, айқын мотивацияға айналды.

Жастарға сенім арту, қолдау көрсету-елге жасалған ең үлкен инвестиция десем, қателеспеймін. Әрбір жастың бойындағы отаншылдық сезімді оятып, білім мен тәрбиені қатар дамыту- қоғамның парызы. Үстіміз-

дегі жылдың шілде айында Ұйғыр ауданының Қарадала төсінде «Ел келешегі тәрбиелі, білімді, ұлтжанды жастардың қолында» атты шараның бір ерекшелігі қалада емес, Қырғызсай деген жерде табиғаттың дала төсінде өтуі дер едім.

Дөңгелек үстелге Алматы облысының жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқарма басшысы Мәди Ахметов, облыстық дін істері басқармасының басшысы Ерғали Көшек, Алматы облысы «Алатау жастары» жастар ұйымының төрағасы Нұрсұлтан Орынбасаров, Ұйғыр ауданының әкімі Бота Елеусізова, Алматы облысы бойынша ардагерлер ұйымының төрағалары, «Асыл ана» қоғамдық бірлестігі төрайымдары, «Алатау жастары» жастар ұйымының төрағалары қатысты.

Осы жиында жастардың білім алу, мамандық таңдау, рухани ұстанымдарын қалыптастыру, қоғамдағы өз орнын табу секілді әлеуметтік кезеңдерден өтуі-өмір заңдылығы жайлы ой-пікірлер мен ұсыныстар кеңінен ортаға салынды. Басқосуда соңғы онжылдықта діни фанатизм мен радикализм идеялары кеңінен таралып, зорлық-зомбылық актілері жиілеп, радикалды діни идеологияға негізделген экстремизм үшін сотталғандардың саны айтарлықтай өскендігін облыстық дін істері басқармасының басшысы Ерғали Қөшек айтп келіп, бұл қауіпке қарсы тұру тек құзырлы органдардың ғана емес, бүкіл қоғамның, әсіресе ата-аналардың, ұстаздар

лып Ардақ Қайсаров және азаматтық қоғам бойынша Алматы облысы ардагерлер кеңесінің төрағасы ретінде мен, «Сағадат батыр» спорт клубының директоры, Алматы облыстық мәслихатының депутаты Нұрсұлтан Орынбасаров, қоян-қолтық ұрыстан қазақ қыздары арасынан шыққан үш дүркін әлем чемпионы, халықаралық дәрежедегі спортшы Сора Рахмонова сайланды.

Бекітілген бағдарлама бойынша жүзелі жұмыстар қолға алынып, атқарушы билік, құқық қорғау органдары, азаматтық қоғамдық ұйымдары бірлесіп жұмыстар атқаруда.

- Облыстық Ардагерлер ұйымының жанынан құрылған «Асыл ана» қоғамдық бірлестігінің басты мақсаты не?

- Бұл бірлестік былтырғы жылдың бас кезінде құрылды. Алға қойған басты тұжырымдамасы: ұлттық салт-дәстүр құндылықтарын дәріптеу, берік отбасы-берік мемлекет, мәдениетті ана-мәдениетті ұрпақ. Қай дәуірде болмасын қоғамның дамуы, ұлттың болашағы ең алдымен аналардың қолында болған. Себебі, ана тек бала тәрбиелеуші ғана емес, ол ұрпаққа ізгілік дәнін себуші, мәдениет пен дәстүрді жалғастырушы, адамгершіліктің алтын дінгеі бола білген. Аналарды қадірлеу, олардың мәртебесін көтеру-елдің өркендеуінің, ұрпақтың бақытты болашағының басты шарты болып қала бермек. Міне, осы орайда Алматы облысындағы әйелдер қауымының бүгіні мен келешегін



қалыптастыру төңірегіндегі белсенділіктерін одан әрі көтеріп, жұмыстарын жандандандыру бағытында бірлестіктің кеңесін құру қажеттілігі күн тәртібіне өзі сұранып тұрды.

Қыркүйек айында Қарасай ауданының мәдениет үйінде Отбасы күні аясында отбасылық құндылықтарды, мәдени мұраны және ұрпақтар арасындағы өзара іс-қимылды нығайтуға бағытталған конференция ұйымдастырылды. Конференцияның күн тәртібінде «Асыл ана» қоғамдық бірлестігінің кеңесін құру, президиум мүшелерін сайлау мәселесі қаралды. Президиум төрайымына Еңбекшіқазақ ауданы «Асыл ана» қоғамдық бірлестігінің төрайымы Қалдықұл Айсина, оның орынбасарлары болып Алатау қаласы мәслихатының төрайымы Роза Абилова мен Жамбыл ауданы әйелдер кәсіпкерлігін дамыту жөніндегі салалық кеңесінің төрайымы, «Меруерт-С» ЖШС директоры Меруерт Молдашева сайланды.

Кеңестің жұмыс жоспарларына сәйкес тұрақты комиссия әйелдер арасында кәсіпкерлікті, қазақтың ұлттық мәдени дәстүрін дамыту, отбасы мәртебесін көтеру және жасөспірімді тәрбиелеудің үздік тәжірибесін тарату, қыз баланы тәрбиелеуде дәстүрлі қазақ қазақ ұстанымдарын дамыту бағыттары бойынша іс-шаралар ұйымдастыру белгіледі. Оның бағдарламалық жобасында «Азаматтық қоғамды нығайтудағы үкіметтік емес ұйымдардың рөлі», «Дәстүр мен ғұрып», «Ақ орамал-асыл ананың аманаты», «Ұлттық көлөнер-бабалар мұрасы», «Берекелі отбасы», «Қыз тәрбиесі-ел болашағы», «Ана қолы-мейірім мен махаббаттың символы», «Абысын тату болса ас көп» сынды мазмұнға бай іс-шаралар мен байқаулар ұйымдастыру алдымыздағы жылда қарастырылған.

- Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен 2024 жылдың сәуір айынан басталған «Таза Қазақстан» жалпыұлттық экологиялық акциясына ардагерлердің белсене қатысқандығының

қуәсі болды. Халықтың экологиялық мәдениет деңгейінің артуына, азаматтарды қоршаған ортаны қорғау мәселелеріне тартуда ардагерлер қауымы қаншалықты үлестерін қосты деп ойлайсыз?

- Аталған жоба Алматы облысының барлық өңірін қамтып, оған жергілікті билік органдары, мектептер, колледждер, кәсіпорын-мекемелердің ұжымдарымен бірге ардагерлер де барлық аймақтарда тазалық жұмыстарына белсене қатысып, тыңғылықты жұмыстар атқарды. Дәстүр бойынша аумақтарды қоқыстан тазартуға және абаттандыруға бағытталған сенбіліктердің бірде біреуінен тыс қалмады. Сонымен бірге акция аясында рұқсат етілмеген қоқыстарды анықтау мақсатында рейдтер жүргізіп, табиғатты қорғау мәселесін көпшілікке насихаттауда алдыңғы шептен көрінді.

Мәселен, Кеген аудандық ардагерлер ұйымының төрағасы Сабыр Досымбеков пен ауылдық округінің ардагерлер алқасының төрағасы Б. Жанғабылов ауыл жастарының қатысуымен «Жасыл аймақ» акциясы аясында Жалағаш орман шаруашылығында шренк шыршасының 10 мың көшетін, 1 мың қарағай, 200 түп туя отырғызды. Мұндай жұмыстар ардагерлердің қатысуымен Қонаев пен Алатау қалаларында, барлық аудандарда тиянақты жүргізілді.

Ел президенті Қасым-Жомарт Токаев: «Біздің Қазақстаннан басқа Отанымыз жоқ. Туған жерімізді ешкім сырттан келіп тазалап, көркейтіп бермейді. Отанымызды таза ұстау – әр азаматтың қастерлі парызы» деген болатын. Биылғы жылы да облыс ардагерлері «Таза Қазақстан» акциясына бір кісідей қатысатын болады.

- «Алатау ардагері» газеті оқырман олжасына айналғалы екі жылдан сәл астам уақыт өтті. Газет пен оқырман, яғни газеттің таралуы, оқырман тарту мәселесі – қашан да өзекті мәселе. 2026 жылға баспасөзге жазылуда ардагерлер қай деңгейде белсенділік танытты?

- «Алатау ардагері» газетінің аты айтып тұрғандай, бұл басылым ардагерлердің рухани мінбері, өмір тәжірибесі мен елге сіңірген еңбегін дәріптейтін басылым. Және баса айта кеткім келетіні республика көлемінде ардагерлерге арналған басылым біздің облысымызда ғана бар. Газет алғашқы санынан бастап, соғыс пен тыл және еңбек ардагерлерінің өмір жолын, олардың қоғам өміріне қосқан үлесін насихаттап келеді. Газет тек ардагерлердің ғана емес, облыс жастарының да мінберіне айналып үлгерді.

Баспасөзге жазылу мәселесіне келсек, былтырғы 2025 жылға қарағанда биыл оқырман саны екі жарым мыңға өсіп, 8500 данаға жетті. Жамбыл, Іле, Талғар, Қарасай аудандары мен Қонаев қаласының ардагерлер ұйымдарының төрағалары баспасөзге жазылу науқаны барысында ұйымдастырушылық, іскерлік қабілеттерімен танылғанын айта кеткенім жөн.

- Баспасөзге жазылу мәселесі жұмысын ұйымдастырып болғанда, газеттің оқырманға жетуі үлкен шараға айналады. Оның басты себебі, газет поштаға келіп түскенімен, көп жағдайда оқырманның қолына уақтылы тимей жатады. Бұл мәселені реттеуге бола ма?

- Газет оқырмандарынан осы тақылеттес шағымдар түсетіндігі рас. Баспаханадан поштаға жеткізілген газет уақытылы оқырман қолына жетпейтіндігімен толық келісемін. Бұның салдары газет құрылтайшысы ретінде біздер мен редакция қызметкерлеріне салқынын тигізетін жайттары бар. Бұл мәселе туралы облыстық, қалалық, аудандық «Қазпошта» бөлімшелерінің басшыларына ескертіп, құлаққағыс жасадық. Биыл талапты күшейтіп, тұрақты бақылауда ұстайтын боламыз.

- Соңғы сауал, жыл бойында атқарылған жұмыстарға көңіліңіз тола ма?

- Жалпы, 2025 жыл Алматы облыстық Ардагерлер ұйымы үшін жемісті жылдың бірі болды десем, қателесе қоймаспын. Жыл бойындағы жұмыстардың барлығы зейнеткерлердің қоғамдық жұмыстарға қатысу белсенділігін арттыруға, жастарымызға ата-бабаларымыздың патриоттық, еңбектегі озық

тәжірибелерін насихаттауға бағытталды. Қоғамдағы тұрақтылықты нығайту, жастарды тәрбиелеу, отбасылық құндылықтарды дәріптеу, азаматтық белсенділікті арттыру бағытында ауқымды жұмыстар атқарылды. Ардагерлердің бастамасымен облыс көлемінде түрлі кездесулер, спорттық жарыстар, мәдени және әлеуметтік қолдау жұмыстары бағытында көптеген іс-шаралар ұйымдастырылып, ұлттық құндылықтарды дәріптеуге баса көңіл бөлінді. Сонымен бірге облыс көлеміндегі ардагерлер ұйымдары патриоттық тәрбие, қоғамдық келісім, ұлттық бірлікті нығайту ісіне айрықша атсалысып келеді.

Мемлекет тарапынан көрсетіліп жатқан қолдау шаралары, әлеуметтік жәрдемдер-ардагерлердің өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталған игі бастамалар десек, ардагерлердің еңбегін бағалау-қоғамның адамгершілік өлшемін айқындайтын көрсеткіш болса, оны назарымыздан ешқашан тыс қалдырған емеспіз.

Іле ауданының Өтеген батыр кентінде орналасқан «Париж холл» мейрамханасында өткен жылдың қорытынды жиынына Алматы облыстық мәслихат төрағасы Қуат Байғоджаев қатысып, ардагерлер ұйымының жұмысын ұйымдастыруда басшылық міндетін абыроймен атқарып келе жатқан облыстық Ардагерлер ұйымы төрағасының орынбасары Ілияс Сейітбекұлы Сүгіровті Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградасы «Құрмет» орденімен марапаттады.

Республикалық Ардагерлер ұйымының «Құрмет» төсбелгісімен Балқаш аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Бақыт Сқабаев пен Іле аудандық «Асыл ана» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Бағдат Байпақбаева марапатталса, мемлекетіміздің қалыптасу кезеңіндегі еңбектің, табандылықтың елжандылықтың үлгісін көрсеткен аудандық ардагерлер ұйымдарының төрағалары мен өкілдері Даша Куджабекова (Талғар ауданы), Ясым Мәсүмов (Балқаш ауданы), Нүрипа Нұрғалиева (Кеген ауданы), Зоя Нукеева мен Күлшар Қасенова (Жамбыл ауданы), Ізтілеу Тойшыбаев (Қонаев қаласы), Асылхан Бекмұратов (Алатау қаласы), Бекет Ажыбаев (Ұйғыр ауданы), Жанылсын Өгізбаева (Іле ауданы), Егінбек Егеубеков (Қарасай ауданы) Осман Абибов (Еңбекшіқазақ ауданы) Бек Қойлыбаевқа (Райымбек ауданы) Алматы облысының «Құрметті ардагері» төсбелгісі табыс етілді.

Республикалық «Ардагерлер ұйымының» Орталық кеңесінің және облыстық ардагерлер ұйымының Құрмет грамоталары мен Алғыс хаттарына бір топ ардагерлер ие болды. Мұндай марапаттардан «Асыл ана» қоғамдық бірлестігі мен жас ұрпақ өкілдері саналған «Алатау жастары» жастар ұйымының мүшелері де шет қалмады.

Жыл бойында атқарылған жұмыстарға мен емес, облыс ұйымдарының ардагерлері баға береді. Жетістігіміздің межесі мен кемшін тұстарын сараптап, саралап бағалайтын өмірден көпті көріп, мол тәжірибе жинақтаған көкіректеріне ақыл кенін түйген ардагерлер қауымы десем, қателеспеймін.

- Жаңа жыл қашан да әр адамның жүрегіне жаңа үміттер мен апнақ армандар ұялататын, ғажайып қиялдарға қол созырады. Барша адамзат бұл күні өткенді ой елегінен өткізіп, саралап, Жаңа жылға таза ниетпен, болашаққа деген мол сеніммен, нық қадаммен аттағанды қалайды. Жылқы жылынан не күтесіз?

- Қазақ халқы үшін жылқы біріншіден, күннің, қозғалыстың, тұрақтылықтың символы. Елдігіміздің белгісі-Елтаңбада қанатты тұлпар бейнесі кескінделген. Қанатты тұлпар қазақ поэзиясында асқақ арманның, шабыттың, сонымен бірге асқан байлықтың, сән-салтанаттың белгісі.

Алматы облысының барша ардагерлерін келіп жеткен 2026 Жаңа жылмен шын жүректен құттықтаймын. Әрбір игі істері мен бастамаларына сәттілік серік болып, отбасыларына баянды бақыт пен береке, зор денсаулық, ұзақ ғұмыр тілеймін.

- Әңгімеңізге көп рахмет. Жаңа жылда алға қойған жоспарларыңыз іске асып, тілектеріңіз орындалып, барлық бастамаларыңызға табыс әкелсін.

● ДІНМҰХАМЕД ҚОНАЕВТЫҢ ТУҒАНЫНА - 114 ЖЫЛ

Кемеңгер қонаевты еске алды

12 қаңтар күні Қонаев қаласында көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, үш мәрте Социалистік Еңбек Ері Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтың туғанына 114 жыл толуына орай тағзым ету шарасы өтті.

Еске алу шарасына Алматы облысы әкімінің орынбасары Ғани Майлыбаев, Қонаев қаласының әкімі Асхат Бердіханов, облыстық Ардагерлер ұйымының төрағасы Ерболат Тұрымбетов, Қазақстан халқы Ассамблеясының облыстық филиалы ардагерлер кеңесінің төрағасы Амангелді Беспаев, қала ардагерлері, мәдениет саласы мен қоғамдық ұйымдарының өкілдері, құқық қорғау органдарының қызмет-

ның төрағасы Ерболат Тұрымбетов: “Дінмұхамед Ахметұлы өз дәуірінің ұлы саясаткері бола білген біртуар тұлға күрделі, қарама-қайшылыққа толы кезеңге қарамастан, елдің экономикасын, әлеуметтік саласын, ғылымын, төл мәдениетін дамыту ісіне айтулы еңбек сіңірді, саналы ғұмырын елге қызмет етуге арнады. Әділдігі, сабырлы мінезі мен қарапайым болмысы арқылы халықтың құрметіне ие болды.



керлері және қала тұрғындары қатысты. Салтанатты шара Дінмұхамед Ахметұлының ескерткішке гүл шоқтарын қоюмен басталды. Жиналған жұрт ұлы тұлғаның ел дамуына сіңірген ерен еңбегін айтып, мемлекет басқарудағы кемел саясаты мен адами болмысын еске түсірді.

Бір минут үнсіздікпен басталған шарадан соң, сөз алған облыстық Ардагерлер ұйымы-

Қапшағай су электр станциясының салынуымен бірге Қапшағай қаласының көкжиегі кеңейіп, шуақты шаһарға айналды. Ұлт тарихында өшпес із қалдырған қайраткердің өнегелі өмір жолы мен елге сіңірген еңбегі - бүгінгі және келер ұрпақ үшін қашанда тағылымға толы. Ел басқарған жылдары ол халық мүддесін бөрінен биік қойып, мемлекетшілдік пен адалдықтың, парасат пен

жауапкершіліктің айқын үлгісін көрсетті. Димаш ағаның қайраткерлік жолы-елге адал қызмет етудің, парасат пен жауапкершіліктің жарқын үлгісі болып табылады. Сондықтан да оның еңбегін өске-лең ұрпаққа жеткізіп, ұрпаққа кеңінен насихаттауымыз керек”, - деді өз құттықтауында.

Одан кейін сөз тиегін ағытқан Қонаев қалалық мәслихатының хатшысы Серік Нұрқадыров Д.Қонаев атындағы мектептің директоры болып қызмет атқарған жылдарын еске алып әңгімелей келе, “Жыл сайын Димаш атамыздың туған күні біздің қаладан жоғары деңгейде атап өтіліп, жас ұрпаққа үздіксіз насихатталып келе жатқаны баршанызға мәлім. Кешегі Қапшағай - Қонаев қаласы аталғаннан бері көптеген құрылыстар салынып, жағайлар жаңғыртылып, ықшамаудандардағы аулалар жаңа келбетке ие болуда. Осының бәрі 1970 жылдары іргетасын қалап, бекемдеп кеткен Димаш атамыздың зор еңбегінің арқасы” деп, жиналған жұршылыққа жылы лебізін арнады.

Ақын Алтыншаш Жақиянова ұлт тарихында өшпес із қалдырған Дінмұхамед Қонаевтың 114 жылдығына арнаған өлеңін оқыды. Дәстүрлі үрдіске айналған Қонаев ескерткішіне тағзым етудің басты мәні-Алатаудай алып тұлғалы Аңыз адам жайлы жас ұрпақтың санасына адалдықты, парасаттылықты, отаншылдықты, ұлжандылықты, еңбекқорлықты, адамгершілікті сіңіру болып табылады.

Заңғар АЛТАЙ.

Алматы облыстық орталық әмбебап кітапханасында көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, үш мәрте Социалистік Еңбек Ері Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтың рухына арналған тағылымды мәдени-танымдық шара өтті. Шараның басты мақсаты – ел тарихында өшпес із қалдырған тұлғаның өмір жолын, адами болмысын және мемлекет басқарудағы көрегендігін кейінгі ұрпаққа насихаттау.



Халық жүрегіндегі тұлға

Іс-шара барысында қатысушылар Қонаевтың ел басқарған жылдарындағы еңбегіне, халықпен етене жақын болған қарапайым мінезіне, парасат-пайымына тоқталды. Шара аясында арнайы естелік әңгімелер айтылып, архив деректері мен тарихи мәліметтер негізінде тұлғаның өнегелі ғұмыры кеңінен таныстырылды, ақындар жырларын арнап, әншілер тұлғаның атын әнге қосты.

Кеш барысында «Тұлға жайлы кім не дейді?» атты ашық пікір алмасу алаңы ұйымдастырылып, қатысушылар Қонаевтың мемлекетшілдік ұстанымы, ұлттық мүдде жолындағы табандылығы жөнінде ой бөлісті. Сонымен қатар, жас ұрпақтың тарихи санасын қалыптастыру, елге адал қызмет ету ұғымын тереңдету мәселелері сөз болды.

Шараның қорытындысында Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтың есімі тек бір дәуірдің емес, тұтас ұлттың мақтанышы екені атап өтіліп, оның тағылымды өмірі мен елге сіңірген еңбегі мәңгілік рухани құндылық ретінде бағаланды.

Шараға Қазақстан Республикасының

құрметті азаматы, Халықаралық Д.А.Қонаев қорының вице президенті “Еңбек даңқ” орденінің иегері, Әлем Халықтары Жазушылары одағының “Құрмет иесі”, “Айқын” шаруа қожалығының төрағасы, сазгер, актёр, ҚР Ішкі істер органының ардагері Дәулет Жанботаев арнайы қатысып, шараға ат салысқан, Димаш атамыздың атын ұлықтап жүрген қауымға қор атынан арнайы алғысын білдірді.

Атап айтсақ, белгілі қаламгер Әлем Халықтары Жазушылар одағы мен Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, Қазақ журналистикасының қайраткері, Балқаш ауданы мен Қонаев қаласының Құрметті азаматы Зарыққан Есілбаев, Қонаев қалалық кітапханасының директоры Айгүл Ақтанова, тағы басқа кеш қонақтары Алғыс хаттармен марапатталды.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, мұндай мазмұнды кездесулер алдағы уақытта да жалғасын тауып, тарихи тұлғаларды ұлықтауға, ұлттық сананы нығайтуға бағытталмақ.

Әмина АДАЙХАН,
Қазақстан Журналистер
одағының мүшесі.

● МЕРЕЙ БИІГІНДЕ

ӨНЕРГЕ ҒҰМЫРЫН АРНАҒАН ЖАН

Өнер-халықтың рухани жаны десек, сол өнерді ауыл сахнасында өркендету үлкен жүрек пен тынымсыз еңбекті талап етеді. Осындай қасиеттерді бойына тоғыстырған, ауыл мәдениетінің дамуына өлшеусіз үлес қосқан әнші,актриса, Күртi ауылдық «Халық» театрының режиссері Гүлнар Бағатқызы Ахметбаева биыл мерейлі 70 жасқа толып отыр.

Гүлнар Бағатқызының өнер жолы-ауыл өмірімен етене сабақтас, елмен бірге тыныстап, халықтың қуанышы мен мұңын сахна тілімен жеткізе білген тағлымды жол. Оның әсем үнімен орындалған лирикалық әндері талай көрерменнің жүрегіне жол тауып, ұлттық өнерге деген сүйіспеншілікті арттырды. Әншілік өнері арқылы ол ауыл тұрғындарының рухани әлемін байытып, мәдени өміріне көрік қосты.

Актриса ретінде Гүлнар Бағатқызы сахнада сан алуан образдарды сомдап, әр кейіпкердің жан дүниесін шынайы бейнелей білді. Оның қатысуымен қойылған және басты рольдерді сомдаған О.Бөкевтің «Жұмбақ шал» атты драмасы, Р.Шотбаеваның «Құйынбайдың құдалары», Қ.Жетпісбаевтың «Бейтаныс адам», Е.Домбаевтың «Ар», О.Бодықовтың «Ойбай, күйеу керек!», Б.Тоғысбаевтың «Ғашық әні», О.Бөкеевтің «Жау тылындағы бала» спектакльдері республикалық, облыстық байқауларда бірнеше мәрте лауреат атанған. Сонымен қатар көрермендерге ой салып, адамгершілік, елжандылық, отбасылық құндылықтар сияқты асыл қасиеттерді дәріптеді

Ауылдық «Халық» театрының режиссері ретіндегі еңбегі ерекше құрметке лайық. Ол театр ұжымын ұйымдастырып, шығармашылық бағыт-бағдарын айқындап қана қоймай, ауыл жастарын өнерге баулып, олардың бойындағы талантты ашуға зор үлес қосты. Реті келгенде айта кету керек, 1997 жылы Күртi ауданы тарап, аумалы-төкпелі уақыттың талқысында, нарықтың қыспақ заманында, мәдениет ошақтары жабылып, халықтық ұжымдар тарап, мәдениет қызметкерлері қысқаруға ұшырап жалақысыз қалған кездерде еңсесін түсірмей, жоқтан бар жасап, әдеттегідей мемлекеттік болсын, одан да басқа мерекелік

шараларды музыкалық аппарату-расыз өткізіп, ескі шыт магаларды бояп, сахна киімдерін қолдан тігіп, сахналық безендірулер жасап, бар қолдан келгенше мәдениет ошағының отын сөндірмеуге барын салған нағыз мәдениеттің жанашыры. Халықтық «Сарытауқұм» ән-би ансамблі мен Ақши халық театрының халық атақтарының сақталуына, құрамының тұрақталуына тікелей себепкер болған басты ұйымдастырушы.

Гүлнар Бағатқызының жетекшілігімен сахналанған қойылымдар мазмұн тереңдігімен, ұлттық болмысымен және тәрбиелік мәнімен ерекшеленіп, түрлі мәдени шараларда жоғары бағаланды.

Гүлнар Бағатқызының өнерге деген сүйіспеншілігі жастайынан байқалады. Оның өмір жолына, еңбек баспалдақтарына үнілетін болсақ, бар саналы ғұмырының өнермен, ауыл мәдениетімен байланысты екендігіне көз жеткізесіз.

1956 жылы Алматы облысы, Жамбыл ауданы, XX партсъезд (қазіргі Саурық батыр ауылында) дүниеге келген Гүлнар Бағатқызы 1963 – 1971 жылдары туған ауылындағы сегіз жылдық мектепте оқыды. 1971 – 1973 жылдары Ұзынағаш ауылында онжылдықты бітіріп, осы жылдан бастап Жамбыл ауданы «Қарасу» колхозындағы мәдениет үйі жанындағы халық театрының әртісі, қосымша Жамбыл аудандық мәдениет үйі жанындағы «Құлансаз» халық ансамблінің әншісі болады.

Арнайы мамандық алу мақсатында 1977 – 1980 жылдары Жамбыл қаласындағы мәдени ағарту училищесінде оқып жүріп, қосымша Жамбыл облысының Мерке ауданындағы «Жамбыл» колхозындағы халық театрына мүше болып, өзінің өнердегі еңбек жолын жалғастырды. Еңбекқорлығымен және ерек-

ше өнерімен көзге түскен Г.Ахметбаева Мерке ауданық мәдениет үйі жанындағы халықтық «Мерке әуендері» ансамбліне шақырылады. Осы ансамбль құрамымен 1982 жылы Португалияның Лиссабон қаласында өткен халықаралық фестиваліне қатысты. Осы жылы Москва қаласында өткен Бүкілодақтық халық шаруашылығы жетістіктері көрмесінде Қазақ КСР-ның 60 жылдығына орай өткен салтанатты кештің концерттік бағдарламасында «Шалқыма», «Гәкку», «Қазақ вальсі» әндерін орындады.

1983 жылы Алматы облысы, Күртi аудандық мәдениет үйінің Халық театрының режиссеры, 1991 – 1992 жылдары Күртi аудандық мәдениет үйінің автоклубтар жөніндегі аға методисі, 1997 – 2019 жылға дейін Ақши ауылдық мәдениет үйінің директоры қызметін атқарумен қатар «Халық» театрында режиссерлік етті. Г.Ахметбаева тек пьеса қоюмен ғана шектелмей, мәдениет үйінде, ауыл, аудан бойынша мәдени іс - шараларға да қосқан үлесі зор.

Гүлнардың еңбегінің басты ерекшелігі –шынайылық пен жанашырлық. Ол үшін өнер - атақ немесе даңқ емес,халыққа қызмет етудің бір жолы. Ауыл тұрғындарының рухани сұранысын өтеу, мәдени өмірін жандандыру- оның басты мақсаты.

Мәдениет саласы жұмысының жандануына қосқан үлесі үшін 1985 жылы Ұлы Жеңістің 40 жылдығына байланысты Бүкілодақтық көркемөнерпаздар шығармашылығы байқауының медалімен, «Бейбітшілік әлемі» халықаралық қазақ творчестволық бірлестігінің «Мәдениет майталманы» (2014ж), «Қарулы күштерінің ардагерлері», Республикалық қоғамдық бірлестігінің «Қазақ мәдениетінің қайраткері», «Отан патриоты», «Іле ауданының Құрметті азаматы», «Еңбек үздігі» (2017ж.) медальдарымен, Халық театрының облыстық, аудандық байқаулары, аудан, облыс көлемінде өткен мәдени іс - шараларға белсене араласқаны үшін көптеген аудандық, облыстық мәдениет басқармасының құрмет гра-



моталарымен марапатталған.

Г.Ахметбаеваның ұйымдастыруымен халықтық «Ақниет» әжелер ансамблі, «Шебер қолдар» үйірмелері ашылып, бүгінге дейін жұмыс істеп келеді. «Мәдени мұра» бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында «Ата кәсіп – ұрпаққа нәсіп» атты шебер қолдар көрмесін өткізіп, «Қазақстан» ұлттық телеарнасынан бірнеше жұмыстары жарық көрді

Өнердегі табысы мен ел алдындағы еңбегінен бөлек, Гүлнар –отбасындағы аяулы ана, немерелеріне мейірімін төккен асыл әже. Ол үшін отбасы өмірдің тірегі, адамды адам ететін қасиетті ұя. Қандай шығармашылық қарбалас болса да, отбасының берекесі мен бірлігін бәрінен жоғары қоя білді. Ана ретінде Гүлнар көзінің қарашығындай Жанары мен Қарлығашына өмір сыйлаумен бірге, оларға адамгершілік, еңбекқорлық, үлкенге құрмет, кішіге ізет секілді ұлттық тәрбиенің асыл құндылықтарын бойына сіңірді. Өнерге деген сүйіспеншілігі мен жауапкершілігі арқылы балаларына өнегелі жол көрсете білді. Оның әрбір ақылы мен ісі балалары үшін өмірлік сабақ болды. Қарлығашы анасының жолын қуып өнер жолын таңдады. Қарлығаш-Темірбек Жүргенов атындағы ұлттық өнер академиясын бітірген, кәсіби маман. Бүгінде Іле аудандық Мәдениет үйінің директоры ретінде осы өңірдің мәдениет саласын дамытуға елеулі үлес қосып жүрген білікті маман. Сонымен қатар анасынан аманат болып қалған Ақши халық театры

мен «Сарытауқұм» ән-би ансамблінің кәсіби деңгейдегі білікті мамандармен толықтыру арқылы аталған ұжымдардың шығармашылығын дамытуда үлкен жұмыстар атқаруда. Қазақстан Республикасы Мәдениет саласының үздік қызметкері, актриса әрі режиссер Қарлығаш Ұланқызының бағындырар биігі әлі алда.

Әже ретінде Гүлнардың орны тіптен бөлек. Немерелері үшін ол-мейірім мен жылулықтың, даналық пен сабырдың символы. Әженің әлдіі мен ақыл-өсиеті, өмірден түйген тәжірибесі арқылы Арман, Дана, Әли атты немерелерінің жүрегіне ұлттық рух пен салт-дәстүрге деген құрмет ұялады. Ол ендігі жерде шөберелеріне де тек ертегі айтып қана қоймай, өмірдің мәнін, адам болудың биік өлшемдерін үйретіп келеді.

Қазіргі уақытта зейнеткерлік демалыста болғанымен, Ақши ауылдық мәдениет үйі жанындағы өзі құрған халықтық «Ақниет» әжелер ансамбліне жетекшілік етіп, сонымен қатар халық театрының кейбір қойылымдарында басты рольдерді сомдап та жүр. Өнерге деген өзіндік ізі- кейінгі жастарға үлкен үлгі.

Гүлнар Бағатқызының шығармашылық ғұмыры-туған жерге, ауыл мәдениетіне адал қызмет етудің жарқын үлгісі. Ол өнерді өмірінің мәні, халыққа қызмет етудің құралы деп біледі. Сондықтан да оның еңбегі ауыл жұртшылығының зор құрметіне ие.

Роза АЙДАРБЕКОВА.

АУЫЛ СПОРТЫ

ҰЙЫМДАСТЫРУШЫ- ЖАСТАР

Өткен, 2025 жылдың соңғы күндері Төле би ауылы № 37 орта мектебінің спорт залында «Тәуелсіздігіміз мәңгілік» атты 5,6,7,8 сынып оқушылары арасында волейболдан мектепшілік жарыс өтті.

Ойын желтоқсан құрбандарын еске алу үнсіздігінен кейін басталып кетті. Жарыс барысында жартылай финалдық кездесулерде өз қарсыластарына жол берген 7 «Ә» және 6 «Ә» сынып оқушылары үшінші орын үшін таласты. Нәтижесінде жеңіске деген ерік жігерлерін көрсете білген 6 «Ә» сынып оқушылары қола жүлдеге қол жеткізді. Ал жарыс-

стың бас жүлдесін 7 «А» сыныбынан басым түскен 8 «А» сынып командасы иеленді.

Бұл жарыс «Алатау жастары» қоғамдық бірлестігі мүшелері Дастан Оразымбековтың, Бекзат Абдыбаевтың, Әділет Төлenniң ұйымдастыруымен өтті.

Жеңімпаздар мен жүлдегерлер ұйымдастырушылардың тағайындаған кубоктары және медальдарымен марапатталды.

Даулетбай ЖАМАЛБЕКОВ,
Ащыбұлақ ауылдық округі ардагерлер
ұйымының төрағасы.
Іле ауданы.



ИТОГИ ГОДА.

НОВОСТИ ШАХМАТ

Сегодня для читателей «Алатау ардагері» мы подготовили подборку материалов от областной шахматной федерации. Эта публикация о том, что древнейшая игра человечества обретает «второе дыхание», и в стране в целом, и в нашем регионе в частности. Вот, например, в конце прошлого года, в Анталье (Турция) завершился чемпионат мира по рапиду и блицу среди школьников (U-9 – U-17), где представители Казахстана завоевали 13 медалей серебряного и бронзового достоинства, сообщает Zakon.kz. Ранее на IV международном шахматном турнире в Ташкенте, на кубок Президента Республики Узбекистан 1-е место (и 6000 долларов призовых) занял 22-летний Абилямсур Абдильхаир из Шымкента.



В начале декабря в Сан-Бой-де-Льобрегат (Испания) завершился крупный международный турнир по шахматам – VI El Llobregat Open Chess Tournament., где 20-летняя Меруерт Камалиденова из Казахстана выиграла «серебро» среди женщин.

И самая последняя сенсационная новость - Бибисара Асаубаева, стала трехкратной чемпионкой мира по блицу в Дохе, показав выдающийся результат в истории мировых шахмат. Наш президент Касым-Жомарт Токаев наградил Бибасару орденом «Барыс» II степени.

На местном уровне тоже немало хороших новостей и вот лишь небольшая часть из них, набравшаяся за два последних месяца прошедшего года: проект «Шахматный караван» с целью пропаганды игры в шахматы среди детей прошел минувшей осенью в Конаеве. В ноябре начала действовать программа поддержки развития детских шахмат «Ces balapan» шахматной федерации РК.

Как рассказал газете исполнительный директор Алматинского областного филиала федерации шахмат Казахстана Сарсенгали Джанкуатов. Эта программа охватывает все области и города страны. А в нашей Алматинской области появилось два таких места. В Талгарском районе, на базе детского дома «Ковчег» (директор М. А. Сугакова, тренер Алишер Джакашев) и в Конаеве, при детском доме (директор Айгуль Жаркунбекова, тренер Карлыгаш Сейтов), открыты специализированные классы. Они оснащены мебелью, шахматными комплектами, (доски, фигуры, часы), демонстрационные, магнитные доски (для объяснения ходов учащимся). На стенах вывешены портреты выдающихся шахматистов мира, а также фотографии известных казахстанских гроссмейстеров. В классах занимают по 23 и 45 учащихся, 3 раза в неделю, по часу. Задача тренеров подготовить

из созданных классов сильные команды для участия в областных, зональных и республиканских и международных турнирах по шахматам. Спонсором специализированных классов выступает Фридом банк Казахстан.

В середине декабря прошлого года в микрорайоне Ынтымак города Алатау прошел квалификационный командный турнир в номинации «65+», куда съехались представители команд из 4 районов Алматинской области. 1 место заняла команда ветеранов села Бесагаш, Талгарского района. Победителем среди ветеранов Жамбылского района стал Жумагелды Молдияров. В командном зачете 2 место заняли ветераны – шахматисты Жамбылского района. Команда «Тулпар 65+» из Карасайского района заняла третье место. На этом соревновании получили удостоверения о присвоения 2 разряда по шахматам



Геннадий Пак (Карасайский район); Шарип Хайримхан (Жамбылский район); Кульсін Мусаева (Кегенский район). Главный судья, старший тренер города Алатау, тренер города Конаева, ветеран Афганской войны, председатель комиссии ветеранов Федерации шахмат Алматинской области Кырлыгаш Сейтов, поблагодарил акимат города Алатау за всестороннюю поддержку проведения данного турнира.

Так же в самом конце декабря в комплексе «Олжас» города Каскелен прошел рейтинговый турнир, посвященный 70 - ти летию ветерана и фаната шахматной игры, вице – чемпиона по шахматам Алматинской области, перворазрядника, председателя комиссии по работе с районами от Алматинского областного филиала Казахской федерации шахмат Амандуллы Абдимуратова.

Главный приз и денежные награды завоевали: Аманжол улы Мади (Алматы); Жанкуат Сарсен (Талгар); Тлеубай Нуржан (ШК. «Айя», Талгар); Мурат улы Магжан (Иле ауданы); Мурат Кундуз (Карасай ауданы); Панов Виктор (Талгар); Алдамуратов Самат (Карасай ауданы). Отдельно стоит отметить почетных аскалов, до сих пор, в 75 лет и выше, играющих в прекрасную древнюю игру. Победителями и в номинации «75+» стали: Алиев Нурадиль (Талгар); Жамиш Кешубай (Иле ауданы); Абдилдаев Виктор (Карасай ауданы).

Также были награждены победители в номинациях «65+»; «50+»; среди «женщин – девочек», «самый юный шахматист». А два ветерана, впервые участвующие в турнире в Каскелене, получили рейтинг FIDE (Международной шахматной федерации). Это Шеримов Калдыбай (67 лет из г. Алатау) и Алназаров Кенжибек (57 лет из Карасайского района).

Пользуясь случаем, всех шахматистов области поздравляем с достижениями в прошедшем году и верим в новые успехи в решении поставленных задач. В том числе, осуществление давней мечты фанатов шахмат - проведение чемпионата республики среди синьоров в Алматинской области либо в Алматы или других городах страны. Так как в нашем регионе более 130 ветеранов (сеньоры и сеньориты) активно играют в шахматы и 75 из них имеют рейтинг FIDE.

Рамазан ЕЛЕШЕВ.
г. Конаев – г. Алатау - г.Каскелен

Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы хабарлайды

Дезинфекция, дезинсекция және дератизация қызметтері туралы не білу қажет?

Қазіргі таңда халықтың санитариялық-эпидемиологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету – қоғам үшін маңызды міндеттердің бірі. Осы бағытта дезинфекция, дезинсекция және дератизация қызметтері ерекше рөл атқарады. Аталған шаралар жұқпалы аурулардың алдын алуда, зиянкестердің таралуын шектеуге және тұрғындардың денсаулығын қорғауға бағытталған.

Дезинфекция – бұл қоршаған орта объектілеріндегі ауру қоздырғыш микроорганизмдерді жоюға арналған шаралар кешені. Ол тұрғын үйлерде, медициналық мекемелерде, қоғамдық орындарда, тамақтану объектілерінде жүргізіледі. Дезинфекцияның негізгі мақсаты – жұқпалы аурулардың таралу қаупін төмендету.

Дезинсекция – адам денсаулығына зиян келтіретін жәндіктерді (шыбын, маса, тарақан, бұрға, қандала және т.б.) жою немесе олардың санын азайту шаралары. Жәндіктер көптеген инфекциялық аурулардың тасымалдаушысы болғандықтан, дезинсекциялық жұмыстардың уақтылы және сапалы жүргізілуі өте маңызды.

Дератизация – кеміргіштерге (тышқан, егеуқұйрық) қарсы жүргізілетін күрес шаралары. Кеміргіштер түрлі жұқпалы аурулардың көзі болып саналады және азық-түлік қорына, ғимараттарға айтарлықтай зиян келтіреді. Сондықтан дератизация жұмыстары санитариялық талаптарға сәйкес, арнайы мамандар арқылы жүргізілуі қажет.

Бұл қызметтерді жүргізу кезінде қолданылатын химиялық және биологиялық құралдар қауіпсіздік талаптарына сай болуы тиіс. Жұмыстарды тек лицензиясы бар, арнайы даярлықтан өткен ұйымдар атқаруы қажет. Сонымен қатар, тұрғындар мен объект иелері жүргізілетін жұмыстар туралы алдын ала хабардар етілуі тиіс.

Қорытындылай келе, дезинфекция, дезинсекция және дератизация – халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығын сақтауда маңызды профилактикалық шаралар. Бұл қызметтерді жүйелі түрде және талапқа сай жүргізу – қауіпсіз әрі таза орта қалыптастырудың кепілі.

Қызылшаға қарсы вакцинациялаудың маңыздылығы

Қызылша – өте жұқпалы, ауа-тамшы жолымен таралатын вирустық ауру. Бұл инфекция негізінен балалар арасында кен таралғанымен, вакцина алмаған ересектер де ауырып қалуы мүмкін. Қызылшаның басты белгілері – дене қызуының көтерілуі, мұрыннан су ағу, жөтел, көздің қызаруы және денеде бөртпе пайда болуы. Ауру асқынған жағдайда пневмония, энцефалит (ми қабынуы) сияқты ауыр салдарға алып келуі мүмкін, ал кейбір жағдайларда өлімге де әкеп соғуы мүмкін.

Қызылшаға қарсы вакцинация – бұл аурудың алдын алудың ең тиімді әрі қауіпсіз жолы. Қазіргі таңда қолданылып жүрген қызылшаға қарсы вакцина 95–98% тиімділікке ие және адамды ұзақ жылдар бойы аурудан қорғайды. Елімізде бұл вакцина Ұлттық егу күнтізбесіне енгізілген, балаларға 12 айында және 6 жасында егіледі.

Жаппай вакцинациялау арқылы ұжымдық иммунитет қалыптасады, яғни қоғамдағы көпшілік вакцина алған жағдайда, вакцина алмаған адамдарға да вирус таралу қаупі азаяды. Бұл әсіресе имундық жүйесі әлсіз немесе медициналық себептермен вакцина ала алмайтын адамдар үшін өте маңызды.

Соңғы жылдары кейбір өңірлерде вакцинациядан бас тарту деректері жиілеп, соның салдарынан қызылша ауруының өршуі байқалауда. Вакцинациядан бас тарту тек баланың емес, айналасындағы адамдардың да денсаулығына қауіп төндіреді.

Қызылша – алдын алуға болатын ауыр жұқпалы ауру. Оның таралуына жол бермеу үшін әрбір азамат өз жауапкершілігін сезініп, балаларын уақтылы вакцинациялауы тиіс. Бұл – жеке адамның ғана емес, бүкіл қоғамның денсаулығына қосқан үлесі. Мемлекет тарапынан жүргізілетін түсіндіру жұмыстары мен медициналық қызметтердің қолжетімділігі ата-аналарға дұрыс шешім қабылдауға көмектесуі қажет.

Денсаулық – ең басты байлық. Қызылшаға қарсы вакцинация – сол байлықты сақтау жолындағы сенімді қаддам.

Н. МЕДЕТОВ,
«Конаев қаласының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының бастығы